

Өзбекстан Республикасынан Америка Құрама Штаттары мен Германия Федеративтік Республикасына уран концентратының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы N 179 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өзбекстан Республикасынан Америка Құрама Штаттары мен Германия Федеративтік Республикасына 1992 жылғы 10 сәуірдегі шартқа сәйкес 1-қосымшаға сай номенклатура мен санда "RWE Nukem" (АҚШ Коннектикут, Стемфорд қаласы) корпорациясы және 2000 жылғы 2 мамырдағы N NMMC-00/27 шартқа және 2002 жылғы 16 желтоқсандағы N 2 қосымша келісімге сәйкес 2-қосымшаға сай номенклатура мен санда "Siemens Financial Services GmbH" (Германия, Мюнхен қаласы) кәсіпорыны үшін Науаи тау-кен металлургиялық комбинаты (Өзбекстан Республикасы, Науаи қаласы) беретін уран концентратының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен уран концентратының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 9

а қ п а н д а ғ ы

№ 179 қаулысына

1-қосымша

1992 жылғы 10 сәуірдегі шартқа сәйкес "RWE Nukem" (АҚШ Коннектикут, Стемфорд қаласы) корпорациясы үшін Науаи тау-кен металлургиялық комбинаты (Өзбекстан Республикасы, Науаи қаласы) беретін тауарлардың номенклатурасы, саны

Р/с N	Тауардың атауы	СЭҚ коды	ТН бірлігі	Өлшем бірлігі	Саны үшін	Бірлігі	Құны АҚШ мың долларымен
1	концентраты Жиыны	284410900	тонна	2150	18,7	У р а н 40205	40205

Тасымалдау темір жол көлігінің 20 тонналы контейнерлерімен жүзеге асырылады.

Шекаралық өту пункттері: Шенгелді станциясы (Қазақстан Республикасы) - Озинки станциясы (Ресей Федерациясы).

Жөнелту пункті: Науаи қаласы, Өзбекстан Республикасы.

Баратын пункті: АҚШ Коннектикут, Стемфорд қаласы.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 19 ақпандағы

№ 179 қаулысына

2-қосымша

2000 жылғы 2 мамырдағы N NMMS-00/27 шартқа және 2002 жылғы 16 желтоқсандағы N 2 қосымша келісімге сәйкес "Siemens Financial Services GmbH" (Германия, Мюнхен қаласы) кәсіпорны үшін Науаи тау-кен металлургиялық комбинаты (Өзбекстан Республикасы, Науаи қаласы) беретін тауарлардың номенклатурасы, саны

Р/с N	Тауардың атауы	СЭҚ коды	ТН бірлігі	Өлшем бірлігі	Саны үшін	Бірлігі	Құны АҚШ долларымен
----------	----------------	-------------	---------------	------------------	--------------	---------	---------------------------

1	концентраты	284410900	тонна	150	18,7	У р а н	2805
	Ж и ы н ы						1 5 0 2 8 0 5

Тасымалдау темір жол көлігінің 20 тонналы контейнерлерімен жүзеге асырылады.

Шекаралық өту пункттері: Шеңгелді станциясы (Қазақстан Республикасы) - Озинки станциясы (Ресей Федерациясы).

Жөнелту пункті: Науаи қаласы, Өзбекстан Республикасы.

Баратын пункті: Мюнхен қаласы, Германия Федеративтік Республикасы.